



МҰРАТ АЖ- ҚАЗАЛЫ



№7
(2386)
Сәрсенбі
28 қаңтар
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«САРЫБҰЛАҚ» АУЫЛЫНА АУЫЗ СУ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес прокуратура органдары арқылы мемлекетке қайтарылған активтер есебінен қаржыландырылған «Сарыбұлақ» ауылы таза ауыз су желісіне қосылды. Елді мекенді ауыз суға қосу шарасына ҚР Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тлеумбетов, Қазалы ауданының прокуроры Мадияр Бекпанов, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

– «Сыр елінің бас шаһарында өткен, егемен еліміздің болашағы үшін маңызды шешімдер қабылданған Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы тарихымызға алтын әріппен жазылды. Қабылданған шешімдер халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтады.

Алқалы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» – деп Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

«Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидаты шалғай елді мекендерге ауыз су жеткізіп, газ



тартылуына, жол мен заманауи әлеуметтік нысандар салынып, тұрмыс сапасын жақсартуға оң ықпал етуде.

Осы орайда «Сарыбұлақ» ауылын таза ауыз су желісіне қосу жұмыстарымен айналысқан мердігер – «Дәнекер» мекемесіне, игі іске атсалысқан барша азаматтарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Таза ауыз судың келуі тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартта түседі деп сенеміз», – деді шарада сөз сөйлеген Мұрат Жолкелдіұлы. Рәсімде ауылдың

өркендеуіне үлес қосқан аға буын ардагерлерге, ауыз су жүргізген мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Жиында Наурызбай Сейтқалиұлы сөз сөйлеп, ауыл ақсақалы Сердалы Сағымбаев батасын берді.

Президент тапсырмасымен мемлекетке қайтарылған активтер есебінен аймақта денсаулық сақтау, білім беру, спорт және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бағытында әлеуметтік жобалар жүзеге асуда.

Аталған жоба аясында «Сарыбұлақ», «Шилі», «Шәкен» және «Шитүбек» елді мекендерін ауыз су желісіне қосуға республикалық, облыстық бюджеттен және қайтарылған активтер есебінен 1,5 млрд. теңге қаржы бөлініп, бүгінде құрылыс жұмыстары толық аяқталды.

«Сарыбұлақ» ауылына таза ауыз су келіп, шалғай елді мекеннің тұрғындары көптен күткен игілікке қол жеткізді. Нәтижесінде Қазалы ауданының халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылды.

Айта кетейік, өткен жылы Қазалы ауданының бюджеті 27 млрд. теңгеге жетті. Ал, соңғы үш жыл ішінде аудан экономикасына шамамен 80 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылған.

2022-2024 жылдары «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 31 млрд. 600 млн. теңгеге өңірдегі 78 ауылдың әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 343 жоба жүзеге асты. Өткен жылы 41 елді мекендегі 66 жобаға 15 млрд. 155 млн. теңге қаралды. Мемлекет басшысының елді мекендерді түгелдей орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету тапсырмасы 100 пайыз орындалды.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша кезекті қабылдау өткізді. Қабылдауға 20 тұрғын қатысып, өздерін толғандырған әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерін көтерді.

Қабылдауда тұрғындар тарапынан тұрақты жұмысқа орналасу, Әйтеке би кентіндегі Дулатов көшесін асфальттау және жарықтандыру, тұрғын үй кезегіне қатысты мәселелер, тұрғын үй алу, сондай-ақ, әлеуметтік көмек көрсету жөнінде өтініштер айтылды.

Азаматтар тарапынан көтерілген мәселелердің басым бөлігі тұрғын үй кезегі мен тұрақты жұмыспен қамту жайында болды.

Аудан әкімі әрбір тұрғынның



өтінішін мұқият тыңдап, заң аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кейбір мәселелер бойынша жауапты бөлім бас-

шыларына нақты тапсырмалар беріліп, бақылауға алынды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша тиісті мекемелер арқылы тұрғындарға жан-жақты көмек көрсету жолдары қарастырылатын болды.

Алмасбек Әбілқасымұлы тұрғындарды қабылдау – халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, өзекті мәселелерді дер кезінде шешудің маңызды тетігі екенін атап өтіп, мұндай қабылдаулар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасатынын жеткізді. Сондай-ақ, қабылдауда көтерілген әрбір мәселенің аяқсыз қалмайтындығын айтты.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖЕРЛЕСІМІЗ, ГЕНЕРАЛ-МАЙОР ӘЛІМЖАН ЕРНИЯЗОВ 70 ЖАСҚА ТОЛДЫ

Ауған соғысының ардагері, Қазалы ауданының құрметті азаматы, генерал-майор Әлімжан Қанағатұлы Ерниязовтың 70 жасқа толуына орай мерейтойлық қабылдау өтті.

Тағылымы мол шарада аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ерлік пен батырлықтың, Отанға адал қызмет етудің биік үлгісін көрсеткен ардагердің ел алдындағы ерен еңбегін кеңінен атап өтті. Ауған соғысының ардагері, Қазақстан Қарулы Күштерінде жауапты басшылық қызметтерді атқарған Әлімжан Қанағатұлы – жас ұрпаққа патриоттық тәрбиенің айқын үлгісі екенін жеткізді.

Жиында мерейтой иесіне



Қазалы ауданының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін ауданның ең жоғары наградасы – Қазалы ауданының Құрмет грамотасы табысталып, дәстүрге сай сый-құрмет көрсетілді.

Салтанатты қабылдауда аудандық мәслихаттың

төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов сөз сөйлеп, мерейтой иесіне ақжарма тілектерін арнады.

Басқосуда Әлімжан Қанағатұлы көрсетілген зор құрмет пен ыстық ықыласы үшін аудан басшысы мен зиялы қауым өкілдеріне және барша жерлестеріне шынайы алғысын білдіріп, ел амандығы мен бірлігін тілейтінін жеткізді.

Әлімжан Қанағатұлы – 1955 жылы Қазалы қаласында дүниеге келген. 1977 жылы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищені бітіргеннен кейін Мәскеу қаласындағы М.В.Фрунзе атындағы академияда білім

Қанағатұлы «Қызыл жұлдыз», «Қарулы күштер қатарында Отанға қызмет еткені үшін» ордендерімен және бірнеше мерейтойлық медальдармен наградталған. Әскери қызметінің алғашқы жылдарында Орта Азия әскери округында мотоатқыштар взводының және рота командирі командалық лауазымдарды атқарды. Кейінірек полк, дивизия командирінің орынбасары, штаб бастығы, қару-жарақ және техника сақтау базасының бастығы жоғары лауазымдарды атқарды. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының оқу орталығы мен Арсеналдар және әскери техника сақтау

басқармасында басшылық қызметтерде болды. 2007-2009 жылдары «Батыс» аймақтық командалық құрамасының әскерлерін басқарды. Мұнан кейінгі жылдары Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы және ҚР Қорғаныс министрлігінде түрлі жауапты қызметтерді атқарып, 2013

жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Бүгінгі таңда Қазақстан армиясының құрметті генералы, әскери даярлық пен Отан қорғаудың маңыздылығын насихаттаушы ардагер.

жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.

Бүгінгі таңда Қазақстан армиясының құрметті генералы, әскери даярлық пен Отан қорғаудың маңыздылығын насихаттаушы ардагер.

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА «АЛТЫН АЛҚА» ЖӘНЕ «КҮМІС АЛҚА» ТАБЫСТАЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов отбасы құндылықтарын дәріптеу, аяулы аналарға деген құрметті арттыру мақсатында көпбалалы

аналармен арнайы кездесу өткізіп, бір топ аналарға Президент Жарлығымен берілген «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілерін сал-

танатты түрде табыстады.

Кездесуде аудан басшысы әйел-аналардың қоғамдағы, отбасы мен ұрпақ тәрбиесіндегі

айрықша рөлін атап өтіп, елдің бүгінгі жетістігі мен ертеңгі болашағы аналардың мейірімі мен еңбегінің нәтижесі екенін айтты.

«Әрбір отбасының ұйытқысы болып отырған аналар – берекенің бастауы, тіршіліктің күретауы. Мемлекет тарапынан аналар мен балаларды қолдауға әрдайым басымдық беріліп келеді. Бұл бағытта ауданымызда көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған аналарға елеуметтік қолдау шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда ауданда 4 мыңға жуық отбасының балалары мемлекеттік

жәрдем ақымен қамтылған. Аяулы аналарымызға деген құрмет әрдайым жалғаса бермек, - деді аудан әкімі.

Марапаттау рәсімінен кейін Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары аналарға арнап ән шырқап, мерекелік көңіл күй сыйлады.

«Ана – ұлттың айнасы, берекенің бастауы» - деген аудан әкімі марапат иелерін наградаларымен құттықтап, аналарға мықты денсаулық, отбасыларының амандығын, ұрпақтарының қызығын көруді тіледі.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетовтің төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және

олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Комиссияның күн тәртібінде: балалар

мен жасөспірімдердің қаңғыбастыққа салынуының және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларға қатысты жасалған қылмыстардың ахуалы мен аудандық білім бөлімінің ұсынысына қатысты 3 мәселе қаралды.

Аталған мәселелер бойынша аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов, аудандық полиция бөлімінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы Мархабат Бегалиева, №266 мектеп-лицейдің директоры Ерлан Өтепбергенов хабарлама жасап, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталды.

– «Балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарының қорғалуы – баршамызға ортақ міндет. Бұл

бағыттағы жұмыстар тек комиссия отырысымен шектелмей, күнделікті жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Әрбір жауапты мекеме өзіне жүктелген міндетті сапалы орындауы қажет», - деген комиссия төрағасы Дәурен Тлеумбетов тәуекел тобындағы балалармен жұмысты күшейту, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына ерекше назар аудару, сондай-ақ, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы профилактикалық шараларды жүйелі жүргізу қажеттігін айтты.

Жиында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктелді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

НЕКЕГЕ МӘЖБҮРЛЕУ – ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ

Қазақ халқының сан ғасырлық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы – ұлттың рухани өзегі, мәдени мұрасы. Алайда соңғы жылдары сол асыл құндылықтардың кейбірі бұрмаланып, заң мен адамгершілікке қайшы әрекеттерді ақтаудың құралына айналып барады. Соның ең қауіпті көріністерінің бірі – қызды еркінен тыс алып қашу. Мұны «дәстүр» деп атау – шындықты бұрмалау.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордада өткен Ұлттық Құрылтайдың V отырысында: Қыз алып қашу – адам ұрлау деген сөз, бұл – ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел, жабайы қылмыс екендігін және ондай қатыгездікке ешқашан жол беруге болмайтындығы туралы айтты.

Қазақ қоғамында қыз баланың орны ерекше болған. «Қыз – қонақ», «Қыздың жолы

жіңішке», деп оны қорғап, ардақтап, төрге оздырған. Нағыз дәстүр – екі жастың ризалығымен, ата-ананың келісімімен құда түсіп, ақ батамен шаңырақ көтеру. Ал, қазіргі таңда кездесіп отырған еріксіз алып қашу, мәжбүрлеп некеге отырғызу, күш көрсету – тек моральдық азғындық емес, заңмен жазаланатын ауыр әрекет.

Мұндай жағдайларда бір ғана қыздың емес, тұтас отбасының, тіпті қоғамның ар-намысы аяққа тапталыады. Бір сәттік жауапсыз қадам бір адамның өмір жолын түбегейлі өзгертуі мүмкін. Кейбір оқиғалардың соңы қайғылы жағдайларға ұласып, қыздардың психологиялық күйзелісіне, өмірден түңілуіне әкеліп жатады. Бұл – жеке трагедия емес, қоғамдық қасірет.

2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық

кодексінің 125-1-бабына сәйкес, некеге тұруға мәжбүрлеу қылмыс деп танылды. Қызды еркіне қарсы алып қашу, заңсыз ұстап отыру, зорлық-зомбылық көрсету – «дәстүр» емес, қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын әрекет. Заң алдында мұндай қылмыс үшін ешқандай жеңілдік қарастырылмаған: кінәлі тұлға бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасына тартылады.

Сондықтан ата-ана баласына ең алдымен келісім мен құрметтің маңызын сіңіруі тиіс. Ұл баланы зорлыққа емес, жауапкершілік пен әдепке тәрбиелеу – шынайы тәрбие. Қызды күштеп алған адам батыр емес. Нағыз ер азамат сүйген жанын қорқытпай, қадірлеп, оның келісімімен ғана отбасын құрады.

Қоғам бұл мәселеге бейжай қарамауы керек. Қыз алып

қашу – бір отбасының емес, елдің дерті. Мұндай жағдайға куә болған әрбір азамат құқық қорғау органдарына хабарлап, заң үстемдігін талап етуі қажет. Жастар да бақыт зорлықтан емес, өзара сыйластық пен сенімнен туатынын терең түсінуі тиіс.

Қортындылай келе, қыз алып қашуды «дәстүр» деп қабылдау – ұлттық құндылықтарды қорлау. Нағыз дәстүр – келісім, ізгілік, ақ ниет пен құрмет. Біз болашақ ұрпақтың тәрбиесіне жауапты елміз. Қыз баланың көз жасын емес, шат күлкісін көру – ортақ міндетіміз. Қыздар бақытты болса, қоғам да берекелі болады.

Қыз алып қашу – дәстүр емес. Бұл – қылмыс. Осыны әр азамат жүрегіне түйсе, елдің де мәдениеті, болашағы да биіктей түсері сөзсіз.

Қазалы аудандық прокуратурасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫНА 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «өрт сөндіруші-құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған, себебі өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік. Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер азаматтар осы мамандықты таңдауда.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы - еліміздегі құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Азаматтық қорғау академиясы «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша күндізгі және сырттай оқу факультетінде өрт қауіпсіздік бакалавр біліктілігін беру арқылы жоғары кәсіпті мамандарды даярлайды.

Азаматтық қорғау академиясының күндізгі оқу факультетіне оқуға түскен

азаматтар әскери тәртіп (казарма) бойынша мемлекет есебінен тамақтанып, шәкіртақымен қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом, арнайы «азаматтық қорғау» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі органдарында және бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін жолдама алады. Академияның күндізгі оқу бөліміне Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылының басына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған және сайыстан мүдәрмей өткен азаматтар қабылданады.

Академияның күндізгі оқу факультетінің оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскер

қызметіне теңеледі. Академияның курстантары республикалық, облыстық және қалалық спорттық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Ұлы Отан соғысы және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған әскери шерулерінің тұрақты қатысушылары қатарында.

Құрметті талапкерлер, еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар.

Ескертпе: Оқуға түсуші үміткерлер толық ақпаратты Әйтеке би кенті, Төрешұрат жырау көшесі, №16 мекен-жайдағы Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінен немесе 8(72438)-22-1-51 байланыс телефонынан біле алады.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі
бастығының
міндетін атқарушы,
азаматтық
қорғау майоры

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы аудандық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 қаңтардағы «Өркендеу ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-2/683 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданы, «Өркендеу» ауылдық округі бойынша сайлау учаскесінің орналасқан мекен-жайы мен шекаралары туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мем. тіркеу №120000 - 120008 - 7495
2020 жылғы 28 мамыр

2020 жылғы 27 мамыр

№97

Сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

М. Ергешбаев

КЕЛІСІЛДІ»

Қазалы аудандық сайлау комиссиясымен
27.03.2020 жыл

Қазалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 мамыры
№ 97 шешіміне
1-қосымша

Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№89 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№104 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, «Өркендеу» ауылдық округі, Жанкент ауылы, Қалыбай Балтөреев көшесі №1.	«Өркендеу» ауылдық округінің Жанкент ауылы, Көне Өркенді учаскесі.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления Казалинской районной избирательной комиссии от 21 января 2026 года №АСК-2/683 «О назначении выбора акима сельского округа Уркендеу» дается следующее сведение об адресе расположения и границе избирательного участка.

Гос. регистр №120000-120008-7495
28 мая 2020 года

№97

от 27 мая 2020 года

Об образовании избирательных участков

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах Республики Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» аким Казалинского района РЕШИЛ:

1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.
2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.
3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района

М. Ергешбаев

«СОГЛАСОВАНО»
Казалинской районной избирательной комиссии
27.03.2020 год

Приложение 1 к решению
акимата Казалинского района от 27 мая 2020 года
№97

Избирательные участки по Казалинскому району

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №89 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 104» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Оркендеу, село Жанкент, улица Калыбай Балтуреева №1.	село Жанкент, участок Коне Оркенди сельского округа Оркендеу.

●Хабарландыру

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 1 наурызда өтетін Қазалы ауданы, «Өркендеу» ауылдық округінің әкімін төте сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады. «Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың

5 қаңтарынан бастап шығып келеді. Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері. Таралымы -11507 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны -140 теңге. Үгіт –насихат материалдары 2026 жылдың 8 ақпан күні сағат 18-00-ден

кейін басталып, 2026 жылдың 27 ақпан аралығында жарияланады. Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49 E.mail: tooturankazaly@bk.ru

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
күәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.